

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Моңғолияға 1999 жылғы 22-23 қарашада ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 25 қаңтар N 126

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Моңғолияға 1999 жылғы 22-23 қарашада ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-моңғолия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды және кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Моңғолияға 1999 жылғы 22-23 қарашада ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар ж о с п а р ы) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, басқа да мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Іс-шаралар

жоспарының орындалу барысы туралы кем дегенде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 25 қаңтардағы N 126
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Моңғолияға 1999 жылғы 22-23 қарашада ресми сапары
барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге
асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

N	Іс-шара	Атқарылу мерзімі	Жауапты атқарушылар
p/c			
1	Қазақстан Республикасына тұр. ғылықты тұруға келген ұлты қа. зақ Моңғолия азаматтарының Моңғолия азаматтығынан шығу және Қазақстан Республикасы азаматтығын алудың оңайлатыл. ған тәртібі жөніндегі келісім. ді жасауға келіссөздер жүргізу және қол қоюға дайындау	2000 жылдың IV тоқсаны	Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Көші-қон және демография жө. ніндегі агенттік
2	Көлік саласындағы ынтымақтас. тық: Моңғолиямен темір жол қаты. насын Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасының аумағы арқылы пайдалану; Қазақстан Республикасы-Ре. сей Федерациясы-Моңғолия авто. көлік жолын салудың экономика. лық қажеттілігін және оны қар. жыландыру көздерін айқындау; Осы маршрутты Астана мен Улан-Баторға дейін жалғастыру мүмкіншілігімен Өскемен-Баян- Өлгий әуе қатынасын ашу	2000 жылдың II жарты жылдығы	Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика, ин. дустрия және сауда министр. лігі, Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Ин. вестиялар жөніндегі агент. тік, Шығыс Қазақстан облысы. ның әкімі, "Қазақстан темір жолы" РМК (келісім бойынша), "Эйр Қазақстан тобы" хол. дингтік компаниясы (келісім бойынша)
3	Ынтымақтастықтың нақты салала. рын айқындау үшін екі елдің шекаралас облыстары басшылары. ның кездесуін өткізу	2000 жылдың II жарты жылдығы	Сыртқы істер министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлі. гі, Шығыс Қазақстан облысы. ның әкімі
4	Моңғолиядан Қазақстан Респу. бликасына Ресей Федерациясы	2000 жылдың	Сыртқы істер министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлі.

арқылы мал айдап өту жолдары	I жарты	гі, Шығыс Қазақстан облысы.
туралы мәселені ресей тарапы.	жылдығы	ның әкімі
мен шешу		

5	Пайдаланылмай тұрған ғимарат.	2000	Ақмола және Қарағанды облыс.
	тарды, объектілерді және әске.	жылдың	тарының әкімдері, Көші-қон
	ри қалашықтарды оралмандар	II жарты	және демография жөніндегі
	үшін тұрғын үйге пайдалану жә.	жылдығы	агенттік, Энергетика, индус.
	не оларды одан әрі мал шаруа.		трия және сауда министрлігі,
	шылығы саласына жұмысқа тарту		Ауыл шаруашылығы министрлігі
	(Степногорск, Приозерск және		Қаржы министрлігі, Сыртқы
	т.б.)		істер министрлігі

6	Моңғолиядағы қазақ диаспорасы.	2000	Сыртқы істер министрлігі,
	ның қазақ тіліндегі оқу құрал.	жылдың	Білім және ғылым министрлі.
	дарын, басқа да әдебиеттерді	I жарты	гі, Мәдениет, ақпарат және
	алуына жәрдемдесуді ұйымдасты.	жылдығы	қоғамдық келісім министрлі.
	Моңғолияда моңғол қазақтарының		гі, Әділет министрлігі, Кө.
	қоғамдық қорын құру туралы мә.		ші-қон және демография жө.
	селені диаспораның басшылығы.		ніндегі агенттік
	мен пысықтау		

7	Моңғолиямен тауар айналымын	2000	Энергетика, индустрия және
	ұлғайтудың мүмкіндігін зерде.	жылдың	сауда министрлігі, "Қазақ.
	леу	I	азықтүлік корпорациясы" ЖАҚ
			тоқсаны (келісім бойынша)

8	Қазақстан Республикасы үшін	2001-	Білім және ғылым министрлі.
	орхон-енисей ескерткіштерінің	2002	гі, Мәдениет, ақпарат және
	көшірмелерін даярлау. ЮНЕСКО-	жылдар	қоғамдық келісім министрлі.
	ны тарта отырып қатысуымен		гі, Сыртқы істер министрлігі
	көшпелі және ежелгі түрік мә.		
	дениеттерінің ескерткіштерін		
	қорғау және зерделеу жөніндегі		
	ынтымақтастықты тереңдету		

9	"Балқашмыс" АҚ борышын астық,	2000	Қаржы министрлігі, Әділет
	ЖЖМ, бұрын пайдаланылған әске.	жылдың	министрлігі, Энергетика, ин.
	ри техникаларды жеткізу және	II жарты	дустрия және сауда министр.

	басқа да нұсқалар жолымен ке.	жылдығы	лігі, Ауыл шаруашылығы ми.	
	зеңдік негізде өтеудің мүмкін.	нистрлігі, Қорғаныс министр.		
	діктерін қарай отырып, реттеу.	лігі, Сыртқы істер министрлі		
	ге жәрдемдесу	гі, Президенттің Іс басқар.		
		масы (келісім бойынша), Аста		
		на қаласының әкімі		
10	Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы.	2000	Мәдениет, ақпарат және қо.	
	ның 60 жылдығын (2000 жылғы	жылдың	ғамдық келісім министрлігі,	
	шілде) тойлауға Қазақстан Рес.	I	Сыртқы істер министрлігі	
	публикасы делегациясының (мә.	тоқсаны		
	дениет және өнер адамдарының			
	қатысуымен) құрамын бекіту			
11	Моңғолияның Баян-Өлгий айма.	2000	Ауыл шаруашылығы министрлі.	
	ғындағы қазақ диаспорасына 5	жылдың	гі, Мемлекеттік сатып алу	
	мың тонна астық беру түрінде	I	жөніндегі агенттік (келісім	
	ізгілік көмек көрсету	тоқсаны	бойынша)	

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.